



2023-2024 оқу жылына арналған психикалық дамуында тежелісі бар
«Қарлығаш» ересек тобының логопеді Қаржау С.Н.-ның
сөйлеуді дамыту бойынша арнайы түзету қызметінің («Ойна, тілінді дамыт» бағдарламасы, Авторы А.О.Сейтова, А.Ж.Кубасова) перспективалы жоспары

Қыркүйек				
Тақырып	Бағдарламалық мазмұны	Әдістемелік түзету тәсілдері	Сағат саны	Мерзімі
Диагностика	Анамнез жинау. Балалардың жалпы түсінігін тексеру. Сөйлеу мүшелерінің құрылысын, қимыл-қозғалысын тексеру. Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын тексеру. Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру. Зат есім, сын есім, етістік сөздер сөздіктерін тексеру. Тілдің грамматикалық қатарын тексеру. Сөздің буындық құрылымының жағдайын тексеру. Дыбыстарды айту және ажырату дағдыларын тексеру. Есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Ойын: «Бір сөзбен ата», «Ненің төлі?», «Кім не істейді?», «Керісінше айт», «Біреу және көп», «Тыңда және қайтала» «Дыбысты ата»	1	01.09.23
Кім не істейді?	1.Ересек адамдар еңбегінің маңызы мен қажеттілігі туралы түсініктерін бекіту. Балабақша қызметкерлерінің мамандықтары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. 2.«Балабақша» тақырыбы бойынша сөз қорын белсенділеу және кеңейту. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөйлеу тілін есту, көріп қабылдау, зейін, артикуляциялық моторика, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимыл – қозғалыспен үйлестіру. 3. Ынтымақтастық, өзара түсіністік	Ойын: «Кім не істейді?» Мақсаты: Мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру., «Сөзді аяқта» Мақсаты: Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту., «Дыбысқа сәйкес сөз айт» Мақсаты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. «Ол кім?»		04.09- 08.09.23

	,мейірімділік,жауапкершілік,бастамашылдық дағдыларын қалыптастыру	Мақсаты: Сурет бойынша сөйлем құрастыруға үйрету. Балабақша қызметкерлері туралы білімін кеңейту. Саусақ гимнастикасы : «Біздің топ» Тыныстау гимнастикасы : «Таза ауа»		
Мына үйде кім тұрады?	1.Балалардың отбасы деген бір үйде бірге тұратын адамдар тобы деген түсінігін қалыптастыру,өз отбасы ,ата-анасының мамандығы туралы түсінігін бекіту,отбасы мүшелерінің туыстық қатынас атауларын анықтай білуге үйрету,сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. 2.Сурет арқылы отбасы туралы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту,байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру,тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру,Фонематикалық түсініктерін дамыту.Тілдік тыныс алуын дамыту.Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Зейін,артикуляциялық,ұсақ және жалпы моториканы дамыту. 3.Ынтымақтастық,өзара түсіністік ,мейірімділік,жауапкершілік,бастама шылдық дағдыларын қалыптастыру.Өз отбасына сүйіспеншілікке,өз отбасын мақтан етуге тәрбиелеу	Арт.жат: «Өткеншек», «Тарақ», «Тіс тазалау», «Күрекше», «Бақа» Тыныс алу жаттығуы: «Бақбақ» Дидактикалық ойын:«Қандай сөзді жасырдым?» Мақсаты: «Отбасы» тақырыбы бойынша белсенді сөздік қорын арттыру. ««Мына үйде кім тұрады?» Мақсаты: отбасы мүшелерін атауға, отбасындағы ролын ажыратуға үйрету. Саусақ гимнастикасы : «Отбасы мүшелері»	1	11.09-15.09.23
Жасырын ойыншықты тап	1.Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту және анықтау. «Ойыншықтар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту және жүйелеу (оларды қолдану,құрамды бөлшектері және бөліктері,жасалған материалдары),ойын және жаттығулар арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту(зат есім мен сын есім,зат есім және сан есім тіркестерін жасау,зат есімнің көпше түрін жасау,септік жалғауларын жалғап айту). 2.Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту.Фонематикалық түсініктерін дамыту.Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілін есту,көріп қабылдау және зейін,артикуляциялық,ұсақ және жалпы моториканы дамыту .Сөйлеу тілін қимыл –қозғалыспен	Ойын: «Ойыншықтар дүкені». Мақсаты: Ойыншықтар атауын меңгерту. «Не өзгерді?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. «Жасырын сөзді тап» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту. «Жасырын ойыншықты тап» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту. «Жетіспейтін бөлігін айт» Мақсаты. Сөздерді талдауға үйрету. «Ойыншық түсін анықта» Мақсаты: Түстерді ажыратуға үйрету. Тыныстау гимнастикасы: «Шар үрлеу»	1	18.09-22.09.23

	үйлестіру. 3.Ынтымақтастық, өзара түсіністік, мейірімділік, жауапкершілік, бастамашыл дық дағдыларын қалыптастыру	Саусақ гим: «Піл, доп, гүл» Арт. жат: «Сағат», «Өткеншек», «Желкен»		
Бұл қай кезде болады?	Күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Тақырып бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру. Жапырақтардың түсінің өзгеруі, жемістердің пісуі туралы және ой-өрісін дамыта отырып, есте сақтауын дамыту. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру. Өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығуы: «Ат шауып келеді», «Саңырауқұлақ», «Гармошка» Тыныстау жаттығулары: «Күзгі жапырақтар» Дидактикалық ойын: «Күз мезгіліндегі ауа-райы» Мақсаты: табиғат құбылысын бақылауға үйрету. «Бұл неге тән?» Мақсаты: жыл мезгілдерін айыра білуге үйрету. Саусақ жаттығуы: «Бұлтты күн»	1	25.09- 29.09.23
Қазан				
Жемістерден не дайындаймыз?	1. Жемістер туралы түсініктерін бекіту. «Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Зат есімнің көпше түрін жасау. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғап айту. Зат есім+сын есім, зат есім+сан есім, зат есім+етістік тіркестерін жасап үйрету. 2. Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық қабылдауын, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауын, әрекетін, сипаттамасын қолдана алуды дамыту; Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту, сөйлеу ырғағы және темпімен жұмыс. 3. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жаттығу: «Тәтті тосап», «Кесе», «Түтікше» Тыныстау жаттығуы: «Ашкөз жемістер» Дидактикалық ойын: «Көңілді жеміс мен болам!» Мақсаты: жемістердің атауларын ажыратуға үйрету. «Суреттің жартысы қайда?» Мақсаты: таным, ойлампаздық қасиеттерін дамыту. «Жемістерден не дайындаймыз» Мақсаты: сөздік қорын дамыту. Саусақ жаттығуы: «Жемістер»	1	02.10- 06.10.23
Көкөністерді жинайық	Көкөністерді бір-бірінен айыруға, олардың түстері, жинап алатын мезгілін білуге үйрету. Көкөністердің пайдасы туралы ангімелеу. «Көкөністер» тақырыбы бойынша	Артикуляциялық жаттығуы «Тәтті тосап», «Кесе», «Бақа» Тыныстау жаттығуы:	1	09.10- 13.10.23

	сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Зат есімнің көпше түрін жасау. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғап айту. Зат есім+сын есім, зат есім+сан есім, зат есім+етістік тіркестерін жасап үйрету. Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық қабылдауын, ойлау, ұсақ моторикасын, көрнекі –бейнелік гнозисін, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Сөздің буындық құрылымымен жұмыс жасау.	«Самал жел» Дидактикалық ойын: «Көкөністертерді жинайық» «Түрлеріне қарай ажырат» «Сиқырлы себет» Буынды ұйқас: «Көкөністер» Саусақ жаттығуы: «Қырыққабат»		
Суретші қай жерде қателесті?	«Жидектер» және «Саңырауқұлақтар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын молайту және олардың түрлерімен танысу. Жидектер туралы және олардың ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Жеуге болатын саңырауқұлақ түрлеріне тоқталу. Жинақтап айту, салыстырып айту білігін жетілдіру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Артикуляциялық жаттығуы: «Саңырауқұлақ», «Әткеншек», «Тәтті тосап» Тыныстау жаттығуы: «Саңырауқұлақтар» Дидактикалық ойын: «Лото» Мақсаты: Балалардың жидек, саңырауқұлақтар жайлы білімдерін дамыту не олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. «Жидектерді жинайық» Мақсаты: жемістерден жидектерді айыруға үйрету. «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: зейін қабілетін дамыту. Саусақ жаттығуы: «Саңырауқұлақтар»	1	16.10-20.10.23
Театрланған Бауырсақ ертегісі	1. Нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін түсіндіру. Ас атасы нан туралы түсініктерін бекіту. 2. Мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, тапқыты пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту 3. Нанды қастерлеуге және диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Баланың бақылағыштығын, қиялын дамыту.	Арт. жат: «Бақа», «Кесе», «Күрекше», «Саңырауқұлақ» Тыныс алу жаттығуы: «Ыстық бауырсақ» Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Мақсаты: баланың зейінін дамыту. «Кім қалай қоректенеді?» Мақсаты: баланың сөздік қорын дамыту. «Бауырсақ» ертегісі театр ретінде Саусақ жаттығуы: «Қамыр илейміз»	1	23.10-27.10.23

Қараша				
Қателесіп қалма?	Табиғаттағы тіршілік, көктемгі ағаштар туралы білімдерін кеңейту Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шиқылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту; Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік қорын дамыту. Табиғаттың әсемдігін, сұлулығын, көре, сезе білуге тәрбиелеу.	Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Биік болып өседі. «Не екенін тап?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Ағаштар түрлерін ажыратуға үйрету Тыныстау гим: «Өз тыныс алуынды тыңда» Саусақ гим: «Сен тұр» Арт .жат: «Түтікше», «Құймақ», «Ат шауып келеді»	1	30.10- 03.11.23
Бір сөзбен ата	1.Үй құстары туралы білімдерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тақырып бойынша балалардың білімдерін нақтылау, фонематикалық қабылдауын дамыту. 2.Үйқұстарының сыртқы түрі туралы білімдерін кеңейту. Атау септігіндегі зат есімнің көпше түрін жасауға үйрету.Зат есімді сан есім, сын есім, етістік пен тіркестіріп сөз тіркесін жасауға үйрету. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. 3. Үй құстарын қорғап, аялауға үйрету.	Ойын: «Ойлан тап» мақсаты: Үй құстары туралы білімдерін жетілдіру. «Біріншідыбыстыата» мақсаты: Дыбыстарды талдауға үйрету. «Бірсөзбената» Мақсаты: Заттардың жалпы атауын атауға үйрету. Саусақгим: «Құсұшады» Тын гим: «Қаздарұшыпкеледі» Арт .жат: «Сағат» , «Әткеншек», «Тәтті тосап»	1	06.11- 10.11.23
Саусақтарымыз бір бірімен сәлемдеседі	1.Балаларды салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру.Балалардың спортқа деген құштарлығын дамыту,батылдыққа,ептілікке,шапшаңдыққа және қызыға ойнауға баулу.Денсаулық туралы білімдерін жетілдіру. 2.Өз дене мүшелері туралы білу.Олардың маңыздылығын білу. Тақырып бойынша балалардың білімдерін нақтылау, фонематикалық қабылдауын дамыту. 3.Денсаулықты күтуге тәрбиелеу.	Ойын: «Дене мүшемізді көрсетеміз.» Мақсаты:Балаларға өз дене мүшелерін үйрету. Ойын : «Қима суреттерді құрастыру» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын : «Сөзді аяқта» Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Саусақ гимн: «Саусақтарымыз бір-бірімен сәлемдеседі.» Арт .жат: «Түтікше», «Құймақ», «Ат шауып келеді»	1	13.11- 17.11.23
Үйдегі жиһаздар	Үй жиһаздары туралы айта отырып олардың қажеттілігі жайлы білім беру.	Дидак-қ ойын: «Үйдегі жиһаздар»	1	20.11- 24.11.23

	. Балаларды жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру және тіл байлықтарын дамыту. "Үстінде", "астында", "ішінде", "одан", "оған", "сонымен" шылауларын зат есіммен қоса қолдану дағдыларын бекіту Жиһаздарға ұқыпты болуға оларды сындырмауға тәрбиелеу	Мақсаты: Жиһаздар түрлерімен таныстыру. Д/о: «Жиһазды құрастырамыз» Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Саусақ жаттығуы: Жиһаздар Анама мен көмектесемін Бәрінде жинаймын Шкафтың алдында Шкафтың ішінде Үстелдің үстінде Диванның астында.		
Бағдаршам	1. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. 2. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратады: үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтарын дамыту. 3. Әдептілікке, мейірімділікке, жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу	Артикуляциялық жат: «Сағат», «Күрекше», «Бақа», «Піл» Д/О: «Машиналар» Мақсаты: Машина түрлерін ажыратып, атауларын атау. Сергіту сәтті «Көлік» Көлік кетіп барады, Жан – жағына қарады. Бағдаршамда қызыл жанғанда, Көлік тоқтап қалады. «Бағдаршам» ойыны Мақсаты: жол ережесімен таныстыру	1	27.11-01.12.23
Желтоқсан				
Қандай мамандық айтылды?	1. Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру. Мамандық атауларын, әр мамандық иесінің атқаратын қызметі, мамандыққа тән ерекшеліктерімен таныстыру. 2. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Фонематикалық түсініктерін, сөзге дыбыстық талдау жасау біліктерін жетілдіру. 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. 3. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жат: «Сағат», «Күрекше», «Бақа», «Піл» Ойын : «Кім көп мамандық атайды?» Ойын: «Мамандық таңда» Таңдаған мамандық иесінің қызметі туралы айтып береді Ойын: «Қандай мамандықтар айтылды?» Саусақ. жат: «Он саусақ» Тын гим: «Ыстық ботқа»	1	04.12-08.12.23

Тәуелсіздік - тұмарым, Мәңгілік ел - тұрағым	Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан туралы балаларға ұғындыру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тілдерінің дамуына ықпал ету. Патриоттық, отаншылдық сезімін ояту, елін, жерін, құрметтеуге тәрбиелеу.	Артикуляциялық жат: «Сағат», «Күрекше», «Бақа», «Піл» Тыныстау жаттығулары: «Байрақ» Дидактикалық ойын: «Суреттерді құрастыру» Суретпен жұмыс: «Жалау» Саусақ жаттығуы: «Тәуелсіздік»	1	11.12- 15.12.23
Аққала!	1. Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. 2. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту. Сын есім және антоним сөздер сөздігін дамыту. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіру. 3. Эстетикалық талғамдарын арттыру.	Қозғалмалы жаттығу: «Аққала» Адасып қалып аққала Орманда жүр жүгіріп Көріп қалып қасқырды Тығылды терек артына Кездесіп қалды бір бала Қуанып кетті аққала Саусақ және тын жат: «Қолды жылытамыз» Ойын: «Сыйлықтар» Аяз ата қапшығынан алынған затты атап, көпше түрде айту Арт жат: «Түтікше», «Ине», «Сырғанақ»	1	18.12- 22.12.23
«Қар, жел, боран, аяз»	1. Қыс және оның белгілері туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорларын анықтау, кеңейту, белсенділеу. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. 2. Сөздің буындық құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру, байланыстырып сөйлеу тілін дауыс күшін, тілдік тыныс алуын дамыту. Сөйлем туралы түсініктерін бекіту. 3. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Ойын: «Қар, жел, боран, аяз» Аталған құбылысқа сәйкес қимыл жасау. Мақсаты: Жалпы моториканы дамыту. Ойын: «Сөйлемді аяқта» Мақсаты: Сөздік қорын дамыту. Логоритмикалық жаттығу АР-АР-АР жауды аппақ қар, ЛІА-ЛІА-ЛІА балалар соқты аққала ЯЗ-ЯЗ-ЯЗ бүгін күн аяз Дауыс жаттығуы: «Боран»	1	25.12- 29.12.23
Диагностика	Танымдық іс-әрекет жағдайын тексеру Сөйлеу іс-әрекетінің жағдайын тексеру Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру Зат есім, сын есім, етістік сөздер сөздіктерін тексеру.	Ойын: «Бір сөзбен ата», «Ненің төлі?», «Кім не істейді?», «Керісінше айт», «Біреу және көп», «Тыңда және қайтала» «Дыбысты ата»		02.01- 05.01.24

	Тілдің грамматикалық қатары тексеру. Сөздің буындық құрылымының жағдайын тексеру. Дыбыстарды айту және ажырату дағдыларын тексеру. Фонематикалық қабылдауын (естуі) тексеру			
Қаңтар				
Төлін бірге табайық!	1. Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, тереңдету. 2. Байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін, фонематикалық қабылдауын, жалпы және ұсақ моториканы дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру, қойылған сұрақтарды түсініп, анық дұрыс жауап беру білігін жетілдіру. Антонимдер, синонимдер, заттардың топталуы бойынша жалпылама сөздерді қолдану және түсіне алуды үйрету; 3. Үй жануарларына сүйіспеншілік, қамқорлыққа тәрбиелеу. Сөздің буындық және дыбыстық құрылымы туралы білімдерін жетілдіру.	Ойын: «Бұл қай жануар?» Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, тереңдету «Төлін тап, ата» мақсаты: Жануарлардың төлдерін ажыратуға үйрету. «Қай жануар өнімі?» мақсаты: Үй жануарларының өнімдерімен таныстыру. Тыныстау гим: «Өз тыныс алуыңды тыңда» Саусақ гим: «Сен тұр» Арт. жат: «Түтікше», «Құймақ», «Ат шауып келеді» Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың. Томпиып тұр бүйірің Қай өрістен тойдың.	1	08.01-12.01.24
«Қандай құстар жасырынған?»	Қыстап қалатын құстар, олардың тіршілігі туралы түсініктерін жетілдіру. Тақырып бойынша сөздік қорларын, анықтау, кеңейту, белсенділеу, сұраққа толық жауап беруге үйрету. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Көріп қабылдау және зейінін, фонематикалық қабылдауын, артикуляциялық моториканы дамыту. Жұмбақтар шешіп үйрену. Сипаттап айтуға жаттығу, сын есім сөздер сөздігін жетілдіру 3. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Ойын: «Қандай құстар жасырынған?» Мақсаты: Құстар түрлерін ажыртауға үйрту. Дауыс жаттығуы: «Құстарша дауыста» Ойын: «Біреу және көп» Мақсаты: Мөлшерді ажыратуға үйрету. Арт. жат: «Кесе», «Ине», «Желкен»	1	15.01-19.01.24
«Ненің мекені»	Жабайы жануарлар, олардың сыртқы түрі, қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы түсініктерін бекіту. Тақырып бойынша сөздік қорын анықтау, кеңейту, белсенділеу. Фонематикалық түсініктерін, сөйлеу тілінің грамматикалық	Ойын: «Не жоғалды?» Мақсаты: Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын: «Бір сөзбен айт» Мақсаты: Жалпы сөйлеу тілін дамыту.	1	22.01-26.01.24

	катарын, артикуляциялық моториканы жетілдіру. Салыстырып айтуға, сипаттауға үйрету. Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. 3. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	Ойын : «Ненің мекені» Мақсаты: Жануарлардың мекенін ажыратуға үйрету. Ойын: «Дыбысқа сәйкес сөз айт» Арт. жат: «Сылақшы», «Күркетауық», «Ат шауып келеді»		
«Сықырлы дорба»	Ыдыстар оны пайдалану, бөлшектері, жасалған материалы туралы түсініктерін кеңейту және анықтау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөздің буындық құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін, артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын дамыту. Жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштар айтып үйрену. 3. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Ойын: «Сықырлы дорба» Мақсаты: Сипап сезіп қандай ыдыс екенін айту. Ойын : «Не өзгерді?» Мақсаты: Көру қабілетін дамыту. Ойын: «Сынған ыдыстар?» Ойын : «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Арт. жат: «Ж» дыбысының артикуляциясы Тын гим: «Құман қайнайды»	1	29.01-02.02.24
Ақпан				
Дүкенде	Азық-түліктер және олардың маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Зат есімге қатысты сын есімдер таңдап үйрену. 2 сөзден тұратын сөйлемдерді сын есімдермен кеңейту. Сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйрету. Антоним сөздер сөздігін толықтыру. Мағынасы жақын етістіктерді пайдалану және сөйлеу кезінде қолдануға үйрету (қуыру, пісіру, бұқтыру, қайнату) Жинақтап жалпылап айту дағдыларын жетілдіру. Артикуляциялық моториканы дамыту. 3. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Ойын: «Азық-түліктерді топтастыр» Мақсаты: Азық-түлік түрлерімен таныстыру. Ойын: «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын: «Дүкенде» Мақсаты: Сөздік қорын дамыту. Арт. жат: «Күлімсіреу», «Тентек тілді жазалау» «Әткеншек»	1	05.02-09.02.24
Сөзді аяқта	1. Электрлі құралдар және оларды пайдалану, қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін жетілдіру. 2. Сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйрету. Етістік сөздер сөздігін жаңа сөздермен толықтыру. Байланыстырып сөйлеу тілдерін жетілдіру. Сөздің буындық құрылымы және фонематикалық түсініктерін жетілдіру. Жұмбақтар шешіп үйрену. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту.	Ойын : «Қима суреттерді құрастыру» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын : «Сөзді аяқта» Мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Ойын : «Бірінші дыбысын ата» Саусақ жат: «Үлгіні қайтала»	1	12.02-16.02.24

	3. Ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.			
Жұбын тап	Аяқкиім және оның бөліктері, жасалған материалы, оны қолдану және күтім жасау туралы түсініктерін жетілдіру. Етістік және сын есімдер сөздер сөздігін жаңа сөздермен толықтыру. Сөйлемдер құрап айту және сын есімдермен толықтыруға үйрету. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөздерді ілік септігінде айтып жаттығу. Байланыстырып сөйлеу тілдерін, артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Дыбыстық және буындық талдау - жинақтау дағдыларын жетілдіру. 3. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Ойын: «Жұбын тап» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын: «Не артық?» Мақсаты: Аяқ киімді ажыратуға үйрету. Ойын: «Кімнің аяқкиімі?» Сау. жат: «Балақан» Әй, әй балақан! Міне мынау алақан, Саусақтарың әйбат, Былай былай ойнат.	1	19.02- 23.02.24
Анамның мейрамы!	Ана және ананы құрметтеу туралы түсініктерін жетілдіру. Аналардың қоғамдағы маңызды рөлі туралы түсінік беру. Ана туралы мақал-мәтелдер жаттау. Байланыстырып сөйлеу тілдерін, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сипатап айтуға жаттығу. Артикуляциялық және жалпы моториканы дамыту. 3. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Жұмбақ өлең: «Ол кім?» Кім сендерді, балалар, сүйе-тұғын, Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйе-тұғын? Кім сендерді, балалар, тербететін, Еркелетіп, ойнатып, сергітетін? Кім сендерді сағынар шетке кетсең, Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең? Кім сағынар сендерді келгенінше, Құлындарын көзімен көргенінше? Мақсаты: Анаға деген махаббатын арттыру. Қимыл жаттығуы: «Апам үшін күнде»	1	26.02- 01.03.24
Наурыз				
Ертегілер елінде	«Мақта қыз бен мысық» ертегісімен таныстыру. Ертегі тыңдауға және түсіну, есіне сақтау қайталап айту дағдыларын дамыту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Фонематикалық түсініктерін, артикуляциялық моторика, тілдік тыныс алуын дамыту. Жұмбақ шешуге үйрету. Рөлде ойнау біліктерін қалыптастыру 3. Жауапкершілік, белсенділік, мейірімділік, бірлесу дағдыларын қалыптастыру.	Ойын: «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын: «Кімнің аяқ киімі?» Мақсаты: Түстерді ажыратуға үйрету. Сау. жат: «Балақан» Әй, әй балақан! Міне мынау алақан, Саусақтарың әйбат, Былай былай ойнат	1	04.03- 08.03.24
Киімдерді топтастыр!	Киім және түрлері, бөліктері, тігілген материалдары туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөз қорларын анықтау және толықтыру. Сөйлеу тілінің	Ойын: «Киімдерді топтастыр» Мақсаты: Киімдер түрлерімен таныстыру. Логоритмикалық жаттығу: «Ұйқасын тап»	1	11.03- 15.03.24

	грамматикалық қатарын жетілдіру. Сұрақ негізінде септік жалғауларын дұрыс жалғау, зат есімнің көпше түрін жасап үйрену. Сөзге дыбыстық талдау жасау және сөзді буынға бөлу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық және жалпы моториканы дамыту. 3. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ап-ап – ап қолыма киём қолғап Он-он-он мынау жылы тон Ік-ік-ік мынау былғары етік Ек-ек-ек мынау әдемі көйлек «Ойын «Сен не кидің?» Мақсаты: Киім атауларын дұрыс айту. Сөйлем құрастыру. Сөз ішінде қазақ тілінде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Арт. жат: «Тәтті тосап», «Өткеншек», «Барабан»		
Қазақтың ұлттық мейрамы-Өз Наурыз!	Наурыз мерекесі туралы түсініктерін толықтыру, кеңейту. Сурет бойынша әңгімелеу, сөйлемдер құрап айту дағдыларын дамыту. Наурыз мейрамындағы ұлттық тағамдармен таныстыру. Септік жалғауларын дұрыс жалғап айтуға үйрету. Сөзге дыбыстық және буындық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. Артикуляциялық және саусақ моторикасын дамыту Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Қимыл жаттығуы: «Киіз үй» Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық. Уықтар боп иіліп, Киіз үйді құрайық. Мақсаты: Жалпы моториканы дамыт. Ойын: «Киіз үй құрастыру» Мақсаты: Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын: «Пиала» Тын. жат: «Ыстық көже»	1	18.03- 22.03.24
Көктем қандай керемет!	Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын. «Қайсысы артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Саусақ жаттығуы «Жаңбыр». Лото «Көктем». Тіл ұстарту жаттығулары: 1. Тем – тем – тем, Келді көктем. 2. Шек – шек, — шек, Шығады Бәйшешек.	1	25.03- 29.03.24
Сәуір				
Ғарыш әлеміне саяхат	Ғарыш және ғарышты адамдардың игеруі, ғарышкер мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру. «Ғарыш тақырыбы» бойынша сөз қорын кеңейту, толықтыру, дамыту. Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, байланыстырып сөйлеу тілін, көріп қабылдау және зейінін, шығармашылық қиялын	Ойын : «Сөз ойла» Мақсаты: Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Тын .жат : «Әуе шары» Логоритмикалық жаттығу «Ұйқасын тап» Үн-үн-үн жарқырайды күн	1	01.04- 05.04.24

	дамыту.Сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту.Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту 3. Шыншылдыққа,адамгершілікке тәрбиелеу.	Ай-ай-ай аспанға шықты ай Ыз-ыз-ыз аспан толы жұлдыз Ан-ан-ан биік көгілдір аспан Арт .жат: «Күлімсіреу», «Сағат», «Әткеншек»		
Сөзді аяқта!	Жыл құстары , олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ерекшеліктері, дене бөліктері туралы түсініктерін бекіту.Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу,толықтыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру.Зат есімнің көпше түрін жасау және сөйлеу барысында септік жалғауларын дұрыс пайдалануын жетілдіру. Сын есім сөздер сөздігін дамыту.Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту 3. Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	Ойын: «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын : «Не жоғалды?» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: Сөздік қорын дамыту. Тын .жат: «Қарға» Арт .жат: «Күркетауық» , «Тәтті тосап» , «Ат шауып келеді»	1	08.04- 12.04.24
Су астындағы тіршілік	Теңіз және теңіздегі тіршілік иелерінің атауы , олардың тіршілік ету әрекеті,сыртқы түрі туралы түсінік беру. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу,толықтыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту.Жұмбақтар шешіп үйрену.Ойлау, есте сақтау қабілеттерін,зейінін дамыту. 3. Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу.	Ойын: «Суретті құрастыр» Мақсаты: Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын: «Не артық?» Мақсаты: Теңіз және теңіздегі тіршілік иелерін ажыратуға үйрету. Ойын : «Доп лақтыр,ата» Мақсаты: Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу,толықтыру. Тын. жат : «Сүңгуірлер» Логоритмикалық жаттығу : «Ұйқасын тап» Ық-ық-ық суда жүзді балық Қа –қа-қа мынау үлкен тасбақа Қа-қа-қа секіреді бақа Ян-ян-ян теңізде бар шаян	1	15.04- 19.04.24
Гүл салайық!	Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру (Зат есім+сын есім,зат есім+етістік) Суретке бойынша 3-5 сөзден тұратын сөйлемдер құрап айтып үйрену	Ұсақ қол моторикасын дамыту «Гүлді бастырып салу» «Гүлдер» жаттығуы (сөйлеу тілін қимыл-қозғалыс координациясымен жетелеу) Гүлдер,гүлдер ақ гүлдер	1	22.04- 26.04.24

	Сөздерді буынға бөлу дағдыларын дамыту Тілдік естуін ,ойлау,жалпы тілдік дағдыларын,диалогтік сөйлеу тілін дамыту 3. Ойын,оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Қызыл гүлдер көк гүлдер Тұра берші ырғалып Тұра берші нұрланып		
Мамыр				
Батырларға тағзым. Менің Қазақстаным!	Өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту арқылы егеменді еліміздің ертеңгі иелерін тәуелсіздік туралы мәлімет бере отырып тәрбиелеу. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балалар сөздігін молайту, байланыстыра сөйлеуді қалыптастыру. Балалардың Отан туралы түсініктерін кеңейту. Бірлесу,мейірімділік,белсенділік ,жауапкершілік,өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру	Ойын: «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту. Ойын : «Не жоғалды?» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: Сөздік қорын дамыту. Тын .жат: «Қарға» Арт .жат: «Күркетауық» , «Тәтті тосап» , «Ат шауып келеді»	1	29.04- 03.05.24
Жәндіктерді табайық!	Тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру дамыту. Жәндіктер олардың тіршілік ерекшеліктері, сыртқы түрі мекен ортасы ,атаулары туралы білімдерін толықтыру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығаруды дамыту.Диалогтік сөйлеу,фонематикалық қабылдау,ойлау, артикуляциялық моторика, ұсақ моторика және жалпы моториканы дамыту,сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру. 3.Бірлесу,мейірімділік,белсенділік ,жауапкершілік,өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру	Тыныстау жаттығуы «Түрлі түсті көбелектер» Ойын: «Сөйлемді аяқта» Мақсаты: Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу,толықтыру Қоңыз дәу,ал маса Қоңыздың қанаты қысқа,ал инеліктің қанаты.... Ойын : «Не артық?» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту	1	06.05- 10.05.24
Жайма шуақ Жаз!	Тақырып бойынша сөз қорларын кеңейту және анықтау. Жаз мезгілі және оның белгілері туралы түсініктерін бекіту. 3-5 сөзден сөйлем құрап айтуға үйрену. Зейін,есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін,зейінін және	Тыныстау жаттығуы «Самал жел» Логоритмикалық жаттығу «Ұйқасын тап» Мақсаты: Танымдық процестерін дамыту Аз-аз-аз Келді жылы жаз!	1	13.05- 17.05.24

	фонематикалық түсініктерін дамыту 3. Ойын, оқу іс-әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру және сабақ барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу	Үн-үн-үн Жарқырайды күн! Ыр-ыр-ыр Жауды жылы жаңбыр!		
Диагностика	Танымдық іс-әрекет жағдайын тексеру Сөйлеу іс-әрекетінің жағдайын тексеру Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру Зат есім, сын есім, етістік сөздер сөздіктерін тексеру. Тілдің грамматикалық қатарын тексеру. Сөздің буындық құрылымының жағдайын тексеру. Дыбыстарды айту және ажырату дағдыларын тексеру. Фонематикалық қабылдауын (естуі) тексеру	Ойын: «Бір сөзбен ата», «Ненің төлі?», «Кім не істейді?», «Керісінше айт», «Біреу және көп», «Тыңда және қайтала» «Дыбысты ата»	1	20.05- 24.05.24